

**«Ертегі арқылы театрландырылған қойылым
ұйымдастыру»**

Театрландырған қойылымдар арқылы баланың тілін дамыту

Баланың тілін дамытуда, өмірге деген көркемдік көзқарастарын қалыптастыруда театрландырған қойылымдар ерекше рөл атқарады.

Баланың тілін дамытуда, өмірге деген көркемдік көзқарастарын қалыптастыруда театрландырған қойылымдар ерекше рөл атқарады.

Қазақ халқының әйгілі өнер жұлдызы Ш.Айманов «Театр-адамдарды туыстыратын шығармашылық отбасы, сахна өнері –тіл жетпес құдіретті өмір шындығын білу, яғни адамның сахнаны сүймеуі мүмкін емес» -деген ұлы сөз айтқан болатын. Театр әр балаға қуаныш, шат көңіл, қызық, ұмытылмас әсер сыйлайды. Балалардың эстетикалық талғамын, қиялын, ойлау жүйесін, елестету қабілетін дамытады.

Балалар кейіпкерлерді ойнай отырып, олардың іс-әрекеттері мен мінез құлықтарын береді және ойын арқылы тілдерін дамыта отырып, адамгершілік жақсы қасиеттері қалыптасады. Сондықтанда, театр қойылымдары балабақша тәрбиеленушілері үшін маңызы зор. Театрландырылған ойындар мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде оларды рухани дамытуға, әдеби және фольклорлық шығармаларды түсінуге және ұжымдық сипаты бар ойындарға қатысуға, бәсекелестік сезімін дамытуға арналған жайлы жағдайларды тудыруға, сонымен қатар оның тәсілдерін игеруге деген тиімді құрал болып табылады. Ойын барысында балалар жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді айыра білуге, олардың мінез-құлқына баға бере білуге талпынады. Қуану, жан ашу, қамқорлық жасау сияқты асыл қасиеттерді бойына дарытады. Рөлдерді ойнау барысында ситуацияға бейімделу, алғашында жекелеген элементтерді, кейіннен рөлді толығымен ойнау арқылы баланың ой-өрісі, қиялы дамиды, өзіне деген сенімділігі артады. Өз кейіпкерін көз алдына елестетіп қана қоймай, оның әрекеттерін жасап, көңіл күйін сезінеді. Мұның бәрі сөйлеу қабілетінің дамуына, диалог түрінде сөйлеуге өз алғар әсерін монолог түрінде жеткізуге септігін тигізеді. Театр ойындары мен жаттығулары сөйлеу логикасын дұрыс меңгере білуге, сөйлем құрылымын еркін айтуға, тыныс алуын дамытуға бағытталған. Сол арқылы баланың шығармашылық фантазиясы дамып, шағын әңгіме және ертегі құрастыра білуге дағдыланады. Көбіне кіші топтарда баланың жас ерекшелігіне сай мәтіні жеңіл, тілі түсінікті, айтар ойы айқын шағын ертегілер таңдалады. Жоғарғы топтарға қойылар талап балалардың жас ерекшелігіне қарай күрделене түседі. Балалардың жас ерекшелігіне байланысты материалды жинақталады. Қойылымдарға қажетті театр түрлері іріктелінеді және қойылымдарға керекті көрнекіліктер мен құрал жабдықтар (ширма, атрибуттар, костюмдар т.б.) жинақталады.

Нәтижесінде: жұмысты жүйелі жүргізу негізінде баланың тілі дамиды, сөздік қорлары толығады. Байланыстырып сөйлеуге дағдыланады. Сөз мәдениетін меңгереді және сөз техникасы қалыптасады. Театр өнеріне деген қызығушылықтары артады. Біздің балаларымыз бақытты болуға лайықты. Бұл тек қана баланың жеке тұлға ретінде дамуына қажетті жағдай туғызғанда ғана мүмкін болмақ, және сауатты да, саналы азамат тәрбиелеудің кілті өзіміздің қолымызда.